



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ

Апта күні: бейсенбі

Күні: 24.04.2025ж.

Уақыт: 15⁰⁰ сағат

ХБК Ғылыми Кеңесінің кезекті отырысының № 08 ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

Ғылыми Кеңесінің төрағасы – М.Б.Имандосова, т.ғ.д., профессор, ректор
Ғалым хатшы – Ш.М.Құлтаева, Ph.D., қауымдастырылған профессор, ҒЖИ
аға үйлестірушісі

Қатысқандар: Ғылыми Кеңестің 45-нің 35-і қатысты (тіркеу қағазы
қосылған).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша ХБК нормативтік құжаттамасын бекіту (уақыт нормалары, Академиялық күнтізбе, оқу процестерінің кестелері, GPA) (Баяндамашы – проректор Сабденалиев Бахтияр Асылбаевич).

2. ХБК әскери кафедрасының жұмыс нәтижелері туралы (Баяндамашы – Әскери кафедра бастығы Дархан Каблашович Умбетов).

3. ХБК қызметін цифрландыру нәтижелері туралы (Баяндамашы – цифрландыру жөніндегі проректор Ернур Канатбекович Толенбеков).

4. Әр түрлі.

4.1. ХБК Ғылыми кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

4.2. Оқу (академиялық) топтардың толымдылығы.

4.3. «Qazaqstan Halqyna» Қорының білім гранттарын бөлу кезіндегі басымдықтар туралы.

Мәжілістің алдында Ғылыми Кеңестің төрағасы М.Б.Имандосова ашық дауыспен күн тәртібін мақұлдады.

1. 2025-2026 оқу жылына арналған бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша ХБК нормативтік құжаттамасын бекіту (уақыт нормалары, Академиялық күнтізбе, оқу процестерінің кестелері, GPA).

ТЫҢДАЛДЫ: 2025–2026 оқу жылына арналған барлық білім беру деңгейлері бойынша уақыт нормалары, академиялық күнтізбе, оқу үдерістерінің кестелері мен GPA талаптарын қамтитын нормативтік құжаттар

жобаларын ұсынған провост Б.А.Сабденалиев.

Ескерту: Өндірістік қажеттілікке байланысты ХБК Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы мамыр айына арналған жұмыс жоспарының үшінші мәселесі – «2025–2026 оқу жылына арналған бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша оқу курстары аясында оқушыларды ауыстыруға арналған ГРА ауыстыру балдарын бекіту туралы» – сәуір айындағы отырыста мерзімінен бұрын қаралды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: сұрақтар, толықтырулар, ескерулер және ұсыныстармен ректор М.Б.Имандосова, ХБК-ның профессорлық-оқытушылық құрамы.

ҚАУЛЫ:

1. Провост Б.А.Сабденалиевтың ақпараты назарға алынсын.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған ХБК-ның бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша нормативтік құжаттамасы бекітілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

2. ХБК әскери кафедрасының жұмыс нәтижелері туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: өткен кезең бойынша ХБК-ның әскери кафедрасының жұмысының қорытындылары, соның ішінде контингент көрсеткіштері, қызметкерлердің ғылыми семинарларға қатысуы және қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы баяндама жасаған әскери кафедра бастығы Д.К.Умбетов.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: сұрақтар, ескерулер және ұсыныстармен ректор М.Б.Имандосова.

Талқылаудан кейін,

ҚАУЛЫ:

1. Әскери кафедра бастығы Д.К.Умбетовтың ақпараты назарға алынсын.
2. 2025–2026 оқу жылына әскери кафедрада оқуға студенттерді қабылдау туралы анықтама дайындалсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

3. ХБК қызметін цифрландыру нәтижелері туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: оқу үдерісін цифрландыруға қатысты ХБК ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістер, атап айтқанда: үміткерлермен және қабылдау комиссиясымен жұмыс істеу жүйесі, профессор-оқытушылық құрамның бос орындарына үміткерлермен жұмыс істеу жүйесі, студенттерге арналған мобильді қосымша және оқу порталы туралы есеп берген цифрландыру жөніндегі проректор Е.К.Толенбеков.

ҚАУЛЫ:

1. Цифрландыру жөніндегі проректор Е.К.Толенбековтың ақпараты назарға алынсын.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4. Әр түрлі.

4.1. ХБК Ғылыми кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: М.Б.Имандосова, ректор, кадрлық өзгерістерге байланысты ХБК Ғылыми кеңесінің құрамына қайта сайлау өткізу қажеттілігі туралы ақпарат берді.

ҚАУЛЫ:

1. Ректор М.Б.Имандосованың ақпараты назарға алынсын.

2. Өз еркімен жұмыстан босатылуына байланысты Н.Е.Бектурганова; жалпы құрылыс факультетінің профессоры Б.М.Сүйеркұл ҒК құрамынан шығарылсын.

3. ҒК құрамына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры А.С.Махметова енгізілсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4.2. Оқу (академиялық) топтардың толымдылығы.

ТЫҢДАЛДЫ: Б.А.Сабденалиев, проректор, академиялық топтардың толымдылығы және олардың ең төменгі санының бекітілу қажеттілігі туралы баяндама жасады.

Баяндамашы академиялық топтар білім алушылардың жеткілікті саны және олардың өзін-өзі ақтауы қамтамасыз етілген жағдайда құрылатынын атап өтті. Бұл ретте жеке академиялық топ құру үшін студенттердің ең төменгі саны 25 адамнан кем болмауы тиіс.

ҚАУЛЫ:

1. Проректор Б.А.Сабденалиевтың ақпараты назарға алынсын.

2. «ХБК» ЖШС-де жеке академиялық топ құру үшін білім алушылардың ең төменгі саны 25 (жиырма бес) адамнан кем болмауы тиіс деп белгіленсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

4.3. «Qazaqstan Halqyna» Қорының білім гранттарын бөлу кезіндегі басымдықтар туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: әлеуметтік даму департаментінің директоры Т.С.Дусипова, «Qazaqstan Halqyna» Қорының білім гранттарын беру және бөлу туралы баяндама жасады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: ректор М.Б.Имандосова, проректор Б.А.Сабденалиев, факультет декандары әлеуметтік осал жағдайда жүрген студенттерге қолдау көрсетуде адалдық пен әділдікті қамтамасыз етудің маңыздылығы туралы айтты.

Ақпаратты тыңдап, талқылаудан кейін,

ҚАУЛЫ:

1. Әлеуметтік даму департаментінің директоры Т.С.Дусипованың ақпараты назарға алынсын.

2. «Qazaq Halqyna» Қорының гранттарын алушыларды таңдау кезінде келесі негізгі басымдықтар белгіленсін:

- 1) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) мүгедектігі бар және арнайы қажеттіліктері бар тұлғалар;
- 3) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар;
- 4) аз қамтылған студенттер, оның ішінде ауылдық жерлерден;
- 5) 2022 жылғы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;
- 6) 2022 жылғы қаңтар оқиғалары кезінде жарақат алған балалар.

3. Әлеуметтік даму департаментіне грант алушылар тізімін жасақтауда аталған басымдықтардың қатаң сақталуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын әлеуметтік даму жөніндегі проректорға бақылау жүктелсін.

ДАУЫС БЕРДІ: «қолдағандар» – бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төраға

Ғалым хатшы



М.Б. Имандосова

Ш.М. Құлтаева